

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл

Банкте қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (бұдан әрі – ҚЖК/ТҚ/ЖҚҚҚ) саясаты бекітілген. Бұл саясат Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарын іске асыру мақсатында ішкі бақылаудың жалпы қағидаларын белгілейді және аталған тәуекелдерді азайтуға бағытталған (бұдан әрі – ҚЖК/ТҚ туралы Заң).

Бұл Саясат Банктің барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері, сондай-ақ басшылық лауазымындағы қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

1. ҚЖК/ТҚ/ЖҚҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру

ҚЖК/ТҚ/ЖҚҚҚ бойынша талаптарды іске асырудың негізгі ережелері

ҚЖК/ТҚ/ЖҚҚҚ мақсатында ішкі бақылау жүйесі тәуекелге бағытталған тәсілге және ҚЖК/ТҚ тәуекелдерін басқарудағы үш қорғаныс желісін сақтауға негізделген, онда:

1. бірінші қорғаныс желісі – Банктің барлық қызметкерлері;
2. екінші қорғаныс желісі – ҚЖК/ТҚ бөлімі және ҚЖК/ТҚ/ЖҚҚҚ үшін жауапты қызметкердің басшылығымен;
3. үшінші қорғаныс желісі – ішкі аудит бөлімі, ол ҚЖК/ТҚ жүйесінің сапасы мен тиімділігін бағалауды жүзеге асырады.

ҚЖК/ТҚ/ЖҚҚҚ мақсатында ішкі бақылау жүйесін құру және жұмыс істеу кезінде Банк келесілерді басшылыққа алады:

- клиенттерді жария лауазымды тұлға (ЖЛТ) ретінде тексеру жүйесін пайдалану;
- Қазақстан Республикасы Президентінің актісімен бекітілетін ЖЛТ тізбесіне кіретін тұлғалар, олардың жұбайлары мен жақын туыстары, сондай-ақ терроризмге қатысы бар тұлғалар бойынша тексеру жүргізу.

Аktуалды тізімдер *Factiva* ақпараттық-талдамалық қызметімен әзірленеді және жаңартулар автоматты жүктеу жөніндегі пайдаланушы нұсқаулығымен реттеледі.

2. ҚЖК/ТҚ тәуекелдері және оларды төмендету шаралары

ҚЖК/ТҚ тәуекелдерін басқару мақсатында Банкте тәуекелдерді басқару бағдарламасы әзірленген (төмен, орташа, жоғары деңгейдегі тәуекелдер).

ҚЖК/ТҚ тәуекел деңгейіне әсер ететін факторларға мыналар жатады:

- клиенттік тәуекел,
- елдік немесе географиялық тәуекел,
- өнімдер мен қызметтерге (қаржы құралдары) және оларды ұсыну тәсілдеріне байланысты тәуекелдер.

Тәуекелдерді басқару және азайту мақсатында Банк келесі шараларды қабылдайды:

1. клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше сәйкестендіру;
2. «Өз клиентіңді таны» қағидаты бойынша қосымша ақпаратты жинау;
3. клиенттердің операцияларын олардың қызмет саласын ескере отырып мониторингтеу, ҚЖК/ТҚ/ЖҚҚҚ-мен байланысты болуы мүмкін операцияларды анықтау.

Банк ҚЖК/ТҚ/ЖҚҚҚ ішкі бақылау ережелерін, оның ішінде комплаенс-процедураларды (ішкі немесе сыртқы аудит) ескере отырып, үнемі қайта қарайды.

3. Клиенттермен жұмыс істеу кезінде қырағылықты арттыру шаралары

Банк аты-жөні белгісіз тұлғаларға шот ашпайды және ҚЖК/ТҚ туралы Заңның 5-бабына сәйкес тексеруден өтпеген клиенттермен іскерлік қатынас орнатпайды.

Шетелдік қаржы институттарымен корреспонденттік қатынастар орнату кезінде Банк акционерлер, бенефициарлық меншік иелері және жоғары басшылық туралы ақпаратты, соның ішінде саяси ықпалды тұлғалардың бар-жоғы туралы мәліметтерді сұратады.

4. Клиент қызметін мониторингтеу

ҚЖК/ТҚ туралы Заң талаптарын орындау мақсатында, клиентті (немесе оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін тиісінше тексеру, шекті және күмәнді операциялар туралы уәкілетті органға хабарлау үшін Банк клиент операцияларын бақылау және зерттеу бағдарламасын әзірлейді.

Бұл бағдарлама аясында Банк:

- ірі, күрделі, ерекше, күмәнді операциялардың және қылмыстық кірістерді жылыстатуға, терроризмді және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қатысты операциялардың мақсатын және негіздерін анықтайды;
- қажет болған жағдайда қаржыландыру көзін тексереді.

Операцияларды бақылау нәтижелері Банктің өнімдерінің ҚЖК/ТҚ тәуекелдеріне ұшырау деңгейін жыл сайын бағалау және клиенттер тәуекел деңгейлерін қайта қарау үшін қолданылады.

5. Клиент туралы құжаттар мен ақпаратты сақтау

Банк клиентпен қарым-қатынас тоқтатылған күннен бастап кемінде 5 жыл бойы ҚЖК/ТҚ туралы Заңда көзделген мәліметтерді растайтын құжаттарды және тұлғаны сәйкестендіруге қажетті құжаттардың көшірмелерін сақтайды.